



**ШЕШІМ**

31.01.2024

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**

№ 139/17-VIII

город Астана

**«Нұр-Сұлтан қаласында балабақшалар салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 19 мамырдағы № 140/19-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексі 163-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына, «Жергілікті атқарушы органдардың 2023-2025 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерінің, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерінің лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 15 наурыздағы № 33 бұйрығына сәйкес және Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 107-2784 қаулысы, Астана қаласының бюджет комиссиясы отырысының 2023 жылғы 11 желтоқсандағы № 20 хаттамасы негізінде, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласында балабақшалар салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 19 мамырдағы № 140/19-VI шешіміне (бұдан әрі - Шешім) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімде:

шешімнің барлық мәтіні бойынша «Нұр-Сұлтан» деген сөз «Астана» деген сөзбен ауыстырылсын;

Шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Астана қаласының әкімдігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы шешімнің орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы**

A handwritten signature in blue ink, consisting of stylized, overlapping loops and a long horizontal stroke extending to the right.

**Е. Каналимов**

Астана қаласы мәслихатының  
2024 жылғы 31 қаңтардағы  
№ 139/17-VIII шешіміне  
қосымша

Астана қаласы мәслихатының  
2017 жылғы 19 мамырдағы  
№ 140/19-VI шешіміне қосымша

«Астана қаласында балабақшалар сапу және пайдалану»  
мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік  
міндеттемелері:

Атауы	Соммасы
№ 29 және 36 (4 лот) жобалық атаулары бар 360 орынды балабақша	2 035 174 570 (екі миллиард отыз бес миллион бір жүз жетпіс төрт мың бес жүз жетпіс) теңге, оның ішінде: 2018 және 2019 жылдарға арналған инвестициялық шығындарды өтеу сомасы 562 882 856 (бес жүз алпыс екі миллион сегіз жүз сексен екі мың сегіз жүз елу алты) теңге, № АІҒС-С/СҒІ/2022/0003 ісі бойынша «Астана» Халықаралық қаржы орталығы Сотының 2023 жылғы 30 наурыздағы шешімі бойынша 2023 жылы Мемлекеттік серіктес – «Астана қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі 115 «Жергілікті атқарушы органдардың соттар шешімдері бойынша міндеттемелерін жергілікті атқарушы орган резервінің қаражаты есебінен орындау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 165 «Атқару құжаттарын, сот актілерін орындау» ерекшелігі бойынша төледі.